



**ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ**

## **АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР**

*2018 жылғы 6 ақпан*

### **Ашық деректердің интернет-порталында орналастырылатын Ұлттық Банктің ашық деректер тізбесі бекітілді**

Ұлттық Банк «Ашық деректердің интернет-порталында орналастырылатын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ашық деректер тізбесін бекіту туралы» Ұлттық Банк Басқармасының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 246 қаулысының (бұдан әрі – Қаулы) қабылданғаны туралы хабарлайды.

Қаулы «Ақпараттандыру туралы» 2015 жылғы 24 қарашадағы 418-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңы 9-бабының 15) тармақшасына сәйкес әзірленді және ашық деректердің интернет-порталында орналастырылатын ашық деректер тізбесін бекітеді.

Қаулыда Ұлттық Банктің «Ашық деректер» порталында жарияланатын ақпаратын оңтайландыру мен өзектендіру көзделеді. Атап айтқанда, Ұлттық Банктің қызметіне (құрылымына, жұмысқа орналасуға) қатысты көрсеткіштер қосылды, рұқсат беру құжаттарының тізбесі (хабарламалар тізілімдері, лицензиялар және басқалары) кеңейтілді және қаржы секторы бойынша көрсеткіштер (қаржы ұйымдары, таратылатын және таратылған банктер және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары туралы мәліметтер) қосылды.

Қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 18 қаңтарда № 16249 болып тіркелді және 2018 жылғы 3 ақпаннан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қаулының толық мәтінімен Ұлттық Банктің ресми Интернет-ресурсында «Нормативтік құқықтық база» бөлімінде танысуға болады:  
<http://nationalbank.kz/?docid=3456&switch=kazakh>

Толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz),

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)